

Ғылыми мақала

GTAMP 17.01.45

<https://doi.org/10.55956/DGTJ7108>

М.Б.Нуралиева 

“Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі” КММ
Тараз қ., Қазақстан
Abai_college2012@mail.ru

А.Ж. Баялиева 

Педагогика ғылымдарының магистрі
“Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжі” КММ
Тараз қ., Қазақстан
a.bayaliyeva@list.ru

АБАЙ ІЛІМІНДЕГІ АДАМ ТҰҒЫРНАМАСЫ: ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада Абайдың биік танымдық ой-өрнектерін, терең гуманистік идеясын, шығармашылығындағы тұлға болмысын, «толық адам» туралы танымдарын таныту мәселесі сөз болады және ақындығынан бөлек философ, психолог, адам жанын зерттеуші ретінде сипатталады. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет ететін бірден-бір ілім екенін айтады. Зерттеу барысында «Абай» ФЗИ басып шығарған «Абайтану. Көптомдық басылым» еңбегі басылыққа алынған. Абайтанушы ғалымдар зерттеулеріндегі ұлы ақынның шығарма тіліне де қатысты тың мәліметтер келтірілген. Жаңа заман коуч-мотиваторлары айтып жүрген уәждемелер Абайдан бастау алатындығы да мысалдармен айқындалады. Осы тақырыпта авторлық бағдарлама жасап, колледж студенттеріне факультатив сабақ ретінде ұсынған. Сонымен қатар, мақалада Абай шығармашылығындағы ТҰЛҒА тақырыбын оқыту мәселесіне студенттердің көзқарасын зерттеу нәтижелері ұсынылған.

Тірек сөздер: «толық» адам, абайтану, ұлттық дүниетаным, тұлға болмысы, рухани даму.

Кіріспе. «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін» [1] деп Президентіміз Қ.Тоқаев айтқандай замана көшіне байланысты Абайды жаңаша таныту, ғылыми тұрғыдан тың бастамалардың болуы – заңдылық.

Ұлы ақын шығармаларында кездесетін АДАМ болып қалыптасудың талап-шарттарын өзінің гуманистік танымы аясында зерделеп, жас ұрпақтың адамшылық іс-әрекеті, ізгілік қасиеттері қандай болу керек деген сұраққа

жауапты өмір бойы іздеуден жалықпаған Абайдың адамзатты «АДАМ» болуға шақыратын концепциясын таныту мақсатында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты дайындаған курс материалдары мен ф.ғ.д., профессор Ж.Дәдебаевтың редакторлығымен жарық көрген «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көптомдық басылымға зерттеу жұмыстары жүргізілді.

«...Дана Абайдың шығармашылығы – ұлтымыздың көптеген ғасыр бойы маңыздылығы жоғалмайтын рухани байлығы. Ақынның әрбір сөзі қазақ үшін - құнды дүние. Абайды таныту, білу, насихат жұмыстарын жүргізу, үйрету қоғам тіршілігінде жаңа серпілістер

туғындатып, бір мақсатқа жетуге бағыттады.

Біздің келесі мақсат – Абайдың толық адам концепциясын қайтадан рухани дамыған қазаққа айналдыру жолында басты міндетіміз етіп қою, бұдан басқа идеологиялық тағылымды көріп тұрған жоқпын» [2] деген М.Мырзахметов пікірін басшылыққа ала отырып, хакім Абай шығармашылығындағы адам болмысы, ізгі адам танымының идеялық-көркемдік ұстанымдарын тарқатып айтудың маңызы зор.

«Абай қазақ әдебиеті пәні немесе қазақ тілді аудиторияда ғана танылуы керек» деген қате пікірден арылатын уақыт келді. Абай ілімі - қоғамның барлық саласында дәріптелуі тиіс деп есептейміз. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында көрсетілгендей, ұлттық құндылықтарымызды жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып білім беруде Абай сөздерінің маңызы зор.

Абай шығармашылығын меңгертуде абайтанушы-ғалымдар төмендегідей пікірлерді келтіреді:

1. Абай ілімін білу, түсіну және қолдану – Абайды танудың айрықша құралы. Абай шығармашылығында кездесетін ұлттық қағидалар мен әдеп өлшемдерін адамгершілік танымы негізінде саралау Абайдың ілімін білумен сипатталады. Ақын философиясында адамның адамшылығы, оның қалыптасып дамуына, өркендеуінде білімнің маңыздылығына айрықша мән беріледі. Білім алу – Абай мұрасындағы басты құндылық және барлық құндылықтардың негізі [3].

2. Әлеуметтанушы, психологтардың айтуынша, ұлт бірлігі ой бірлігінен басталады. Ой бірлігі дегеніміз – жалпы бірлік атаулының бастауы десек болады. Ал идея бірлігі болса, сөз бен істе бірлік болады деген сөз. «Бірліктен айырылған ел қаңғып қалады» деп алаш қайраткері

Ә. Бөкейханов айтқандай, нағыз бірлікке ұлттық немесе мемлекеттік идеологияның арқасында ғана қол жетеді. Абайдың даналығы сол, ғылыми жағынан да, күнделікті істе жүзеге асыру жағынан да өз ұлты үшін маңызды болуымен қатар, аса күрделі осы бір мәселенің дұрыс шешімін бір жарым ғасыр бұрын айтып кеткендігінде[4]. Абайдың «ақылға бірлік» деп отырғаны ой бірлігі, идея бірлігі бүгінгі қазақ қоғамында дертке айналып отырған «қуыскеуделіктің» алдын алуда жасалатын қадамдардың алғышарты деуге болады.

Зерттеу шарттары мен әдістері.

Айтылған ой-пікірлерді сабақтай келе, мұғалімнің басты құзыреті тәрбие мен білімді ұштастыру екенін негізге ала отырып, төмендегідей зерттеу әдістері қолданылды:

1. *Теориялық талдау:* Абайдың шығармаларын, оның ішінде қара сөздер мен өлеңдерін талдау арқылы оның адам туралы көзқарастарын анықтау;

2. *Контент-талдау:* Абай шығармашылығындағы «толық адам», «ақыл, жүрек, қайрат» ұғымдарын жүйелі түрде талдау арқылы оның тұлға іліміне қатысты көзқарастарын анықтау;

3. *Сауалнама әдісі:* Колледж студенттеріне «Абайдың адам туралы ілімі сіздің өмірлік көзқарасыңызға қалай әсер етеді?» деген сұрақтар қою арқылы олардың түсінігін зерттеу.

Бұл әдістер - теория мен тәжірибені байланыстыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда оқыту үдерісінде білім алушылардың бойына рухани құндылықтарды дарыта отырып, тәрбие беру - әр педагогтың міндеті. Осындай білім беру жүйесін жүзеге асыру үшін, келесі үш басты қадамды баса айту керек:

- құндылықтар концепттерін қалыптастыру;

- әдістемелер мен құралдарды таңдау,

- теорияны практикада қолдану.

Құндылықтар концепттерін қалыптастыру - тәрбие жұмыстарының басты қадамы. Оны құру үшін мықты негіз керек. Ондай негіздердің бірі - Абайдың мына сөздері: *«Үш-ақ нәрсе-адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек»*. Жастардың «ыстық қайраты» дұрыс нәрсеге бағытталуы тиіс, яғни білім алу, өзгеге қамқор болу және өзін-өзі дамыту. Ыстық қайратпен бірге, адамгершіліктің келесі қағидасы – «нұрлы ақыл». Бұл ұғымдарға өмір бойы білім алуға талпыну, жаңа мүмкіндіктерді іздеуге ұмтылыс және отансүйгіштік сезімдері

кіреді. Үшінші және өте маңызды шарт – «жылы жүрек». Жылы жүрек құндылығына «адамгершілік» ұғымы жатқызуға болады. Заман, бренд - трендтер қалай өзгерсе де, қоғамда адамгершілік жойылмауы тиіс. Адамгершілік – тәрбиелеудің негізгі құралы болып табылады [5].

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Зерттеулер нәтижесінде авторлық бағдарлама жасалып, 36 академиялық сағатты құрайтын факультативтік пән енгізілді. Бағдарлама негізінде білім алушылар танымдық ойлау деңгейлеріне бағытталған төмендегідей құзыреттерді меңгеруі қажет:

Білім алушылар танымдық ойлау деңгейлеріне негізделген төмендегідей құзыреттерді меңгеруі қажет	Жоспарланған нәтижелер
Қ1. Білу және түсіну Абай іліміндегі адам тұғырнамасының, «толық адамның» ерекшелігін тану.	- Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы туралы біледі; - Қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын сипаттай алады; - «Толық адам» концепциясы туралы түсінік қалыптастырады;
Қ2. Қолдану. Ақын шығармашылығындағы тұлға, адам тұғырнамасына қатысты өзекті мәселелерді айқындау.	- Абай ұсынған этикалық әдеп нормаларын анықтай алады; - Адамды «адамшылыққа» жетелейтін ізгі қасиеттер туралы көзқарасын білдіре алады; - Абай сипаттаған толық адам кім?, Абай айтқан “үш сүюдің” мәні неде? деген сұрақтарға жауап іздейді;
Қ3. Талдау. Абайтанушы ғалымдардың еңбектерімен танысу арқылы бірнеше еңбекке салыстыру, зерделеу жұмыстарын жүргізу.	- Өртүрлі ғалымдар мен ойшылдардың еңбектерін талдай отырып, Абай шығармашылығындағы АДАМ образын жан-жақты аша алады; - Абай шығармаларында кездесетін мінез-құлық концепцияларын бір-бірімен салыстырады және әрқайсысына идеялық мазмұн тұрғысынан талдау жасай алады;
Қ4. Жинақтау. Ақын туындыларындағы адамтану, білім, ақыл, жүрек, пенделік туралы теориялық болжамдарды іске асыру;	- Алған ақпараттарды жинақтап, зерделейді; - “Ізгі адам болу үшін не істеу керек?”, “Менің түсінігімдегі жаңа заман «идеал» адамы қандай ?” деген сұрақтар аясында өз ойын қорытындылап, шығармашылық жұмыс жасай алады;

Қ5. Бағалау. Абай іліміндегі АДАМ тұғырнамасын оқыту жолдары, әдіс-тәсілдерін ұсыну, пікір білдіру;	-Абай ілімін насихаттаудың жолдарын ұсынады; - Оқу-тәрбие процесіне Абай ілімдерін енгізудің маңыздылығына өз көзқарасын білдіре алады; - Абай іліміндегі АДАМ тұғырнамасын оқытудың заманауи үлгілерін анықтап, бірнеше әдіс - тәсілдерін ұсына алады;
---	--

Бағдарламаның практикалық бөлімі білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін 4 дағдыны қамтиды:

- 1) тыңдалым және айтылым;
- 2) оқылым;
- 3) жазылым;
- 4) әдеби тіл нормасы.

Кесте 1. Жұмыс дәптерінен үзінді

Теориялық білімді практикалық жұмыста меңгеру үшін қосымша жұмыс дәптері даярланған. Мұндағы тапсырмалардың бәрі өткен тақырыптар бойынша және әр кезеңде жаңа тапсырмалармен толықтырылып отыруға болады. Бір ескеретін жайт, тапсырманың жауабын студенттер өз дәптерлеріне орындайды.



15. 1-топқа: Абай өлеңдеріндегі Адам проблемасы жайында ой тастау. Қалай ойлайсыздар, «Адам» деген кім?
2-топқа: Өз пікірлеріңше Адамды адам етіп тұратын қандай қасиеттері? Кейде халық біреулерді «Адам емес» деп жатады, оларға кімдерді жатқызар еліңіздер?
Жеке, жұппен, топпен жұмыс істеп, ойларын ортаға салып, постер қорғайды.



16. Ақынның толық адам туралы көзқарастары мен зерттеушілер пікіріне сүйене отырып жазба жұмыс жасау. «Мені» менталитетін қазыптастыру «эгоның» (өзіміздік) өсуіне себеп болмай ма? Ойыңызды дәлелдеп, сыни эссе жазыңыз.

Сыни эссе

Сыни эссе – белгілі бір құбылыстың артықшылығы мен кемшілігін бағалау мәнінде жазылады.

Эссенің жазылу мақсаты:

- Бір жұмысқа жан-жақты түсінік беру;
- Жұмыс барысында автордың идеясын беру жүйесіне, жолына, логикалық құрылымына талдау жасау;
- Автордың пікірін дәлелді тұрғыда бере білу жолдарына талдау жасау;
- Жұмыстың артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау жасау;
- Жұмысты сынау.

- РАФТ- стратегиясы. Хат жазу
- Р- жазатынын рөлі / жансыз нәрсе, тарихи кейіпкер, шығарманың авторы, т.б. /
- А- кімге жазылатыны
- Ф- түрі / хат, пікір, эссе, жарнама, т.б./
- Т- тақырыбы



10. Абай мен Шәкәрім ұстанымындағы ұқсастық пен айырмашылықты Венн диаграммасы арқылы көрсетіңіз.



11. «Абай айтқан үш сұюдың мәні неде?» деген тақырыпта пікірталас ұйымдастырыңыздар. Адамдарды тең қору, ешкімге жамандық ойламау, айналада жақсылық сыйлау, кек сақтамау т.б мәселелер төңірегінде сөз өрбітіңіздер.



12. Бес асыл іс пен бес жаман іс категорияларына модельдеу жүйесін жасаңыз. Үлгі:



17. «Алты қалпақ» әдісі бойынша «Абай қарасөздерінен алған әсерім» тақырыбында ой қорытыңыз, шығармашылық жұмыс жасаңыз, айтылған пікірлері сараланыз.



18. «Бір сөйлем әдісі» бойынша сабақтан алған пікіріңізді, ойыңызды бір сөйлемге сыйлап жазыңыз.

19. «Кубизм» стратегиясына сай «Мен кімін?» тақырыбында жоба қорға. (Абай арнасындағы талғау идеясына сай болатынын дәлелдеу)



- ✓ Сипаттаңыз
- ✓ Зерттеңіз
- ✓ Салыстырыңыз
- ✓ Қорытындылаңыз
- ✓ Талдау жасаңыз
- ✓ Дәлелдеңіз



Жалпы теориялық білімдерді меңгерту арқылы білім алушының тіл тазалағын сақтау, сөз мағынасын түсініп, оны қажет жерде дұрыс қолдану дағдысын арттырсақ, сыни ойлау тапсырмалары арқылы жоғары деңгейлі ойлау дағдысын қалыптастырады. Осы тұрғыда сонау Сократтан келе жатқан сыни ойлау дағдысының көкжиегін де қазақ әдебиетінде Абай ашты деуге болады. Мысалы Абай айтады:

Ақыл сенбей сенбеңіз
Бір іске кез келсеңіз.
Ақсақал айтты, бай айтты-
Кім болса, мейлі сол айтты
Ақылменен жеңсеңіз.

Абай шығармаларының көркемдік ерекшелігін таныту мақсатында 17-қарасөзге идеялық-мазмұндық талдау жұмыстарынан үзінді:

Алдымен студенттер топқа бөлінді. Сабақты бастамас бұрын бір-біріне Абай

нақыл сөздерінен үзінді келтіріп, пікір-лебіздерін білдірді. *Мысалы:* “Адамзаттың бәрін сүй”, “Бес нәрседен қашық бол”, “Еңбек қыл, мал тап” т.б.

Абай шығармашылығымен бұрыннан таныс балалар үшін бұл тапсырма қиындық тудырмайды. Сол себепті сабақ барысында бірден алдыңғы сабақтарда алған білімдеріне сүйенуге болады.

Он жетінші қарасөзді мәтіндік бөліктерге бөліп оқып, қысқаша мазмұны сұралады. Онда кейбір түсініксіз сөздер болса, түсіндірмелі сөздікке жүгінуге болады.

Жазылым тапсырмасын орындау барысында студенттерге “ПОПС формуласын” толтыру тапсырылды: берілген ақпарат бойынша *«Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек»* деген жолдарда айтылған ойды өз пікірімен дәлелдеу немесе Абай айтқан бес асыл іс пен бес жаман істі модельдеу.

Абай шығармашылығын құндылықтар жүйесінде меңгерту үшін басқа пәндермен де кіріктіріп өтуге болады. Мысалы, ағылшын тілі сабағында студенттердің өзіндік жұмысы ретінде шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін төмендегідей тапсырмалар беруге болады:

- Read Kasym-Zhomart Tokayev's report 'Abay and Kazakhstan in the XXI century' and write a short essay on the theme 'The core strengths of founding the intellectual nation'

- Read carefully Abay's 17 th word of wisdom and put 3 'thick' questions

Абай шығармашылығы арқылы құндылық концепттерін қалыптасқаннан кейін, тиісті әдістемелер мен құралдарды таңдау қажет және барлық теориялық білімді практикада қолдану маңызды болып табылады. Бұл әдістер мен концепттер ақынды тек қана белгілі пән аясында оқытпай, барлық пәндерде де

қолданылуы мүмкін екендігін айтып кету маңызды.

Зерттеу барысында Абайдың «толық адам» ілімі колледж студенттері арасында өзекті, мағыналы тақырып ретінде қабылданатыны анықталды. Контент-талдау арқылы ақынның шығармаларында рухани даму, адамгершілік, парасаттылық, өзін-өзі тәрбиелеу мәселелері терең қамтылғаны дәлелденді.

Сауалнама нәтижесінде студенттердің көпшілігі Абайдың «адам болу» туралы идеяларын өмірлік ұстаным ретінде қабылдайтынын көрсетті. Олар «ақыл, жүрек, қайрат» үндестігін рухани үйлесім мен ішкі тәртіптің негізі деп таниды. Сонымен қатар, Абай ілімінің бүгінгі тәлім-тәрбие жүйесіне сәйкестігі, жастарды рухани дамуға жетелей алатыны байқалды.

Талдау көрсеткендей, Абайдың тұжырымдамалары қазіргі білім беру мен тұлғаны тәрбиелеу ісінде маңызды әдістемелік құрал бола алады. Бұл ілімді жүйелі түрде факультатив сабақтар мен тәрбие сағаттарына енгізу – студенттің ұлттық болмысын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Қазіргі жастар мотивацияға тәуелді. Ерік-жігерін шыңдау үшін, қандай да бір істі бастау үшін көпшілік шетелдің коуч-психологтарының кітаптарын оқып, тренингтерге қатысады. Қазақтың дана Абайы тұрғанда басқа елдің «данышпандарын» көп оқып кеттік деген сауал туындайды. Осы орайда Абай өсиеттері кайдзен философиясымен үндес екендігін айтуға болады.

Балабақшадан бастап Абай өлеңдерін жатқа айтып жүрген кез келген баланың ойлау қабілеті мен сана деңгейінде кайдзен ілімімен деңгейлес негіз жатыр. Тек сол негіздің кілтін тауып, құпия санын дөп басып сөйлетуге біздің ғылымымыз бен әлеуетіміз жетпей тұр. Абай ілімін шынайы өмірге

бейімдей отыра меңгерту, мотивацияны Абай шығармашылығынан табу қажеттігін жастардың бойына сіңіру жұмыстары жүргізілуі тиіс. Мұндағы басты қателік – Абай ілімін әдебиет мен әдебиеттанудың шеңберінде ғана қарастыру. Мысалы, «толық адам» концепциясы – әдебиеттен алшақ жатқан теория.

Қорытынды. Жаһандану кезеңінің талабы – жаңа заман адамының биікке ұмтылып, алыстағы мақсатқа қол жеткізуді көздеуі. Бұл жолда рухани дінгегімізден алшақтамай, жаңашылдыққа ұмтылу.

Адамды адам етіп тәрбиелеудің, жан - жақты дамыған зияткер тұлға қалыптастырудың негізі – Абай ілімі. Ақынның толық адам туралы концепциясы – адамзатты Адамды сүю, құрметтеу, елжандылық, биік адамгершілікке бастайтын жол.

«Абайды ерінбей оқы, себебі асыл сөз - Абайда жатыр» деп өз заманында ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров айтқандай, адамшылыққа жетелейтін тәрбиенің бастауы – Абайды оқу, оның бай мұрасын жас буынның бойына сіңіру. Осылайша ұлы ақын аңсап өткен адал, парасатты ұрпақ тәрбиелеу.

«Абай өз халқының үздіксіз оқып - үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктер бағынбайтындығын айтты.

«Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы – осы бағыттағы игі бастамалардың бірі. Бұл – сапалы білім беру ісін жетілдіруге арналған қадам» [1]- деп президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде баса айтқан болатын.

Жаһандану заманындағы білім ұғымы Қ.К. Тоқаев айтқан "Адал азамат" пен Абайдың "Ізгі адам" ілімінің мазмұндық жалғасы деуге болады. Сол себепті "Ізгі адам" мен "Адал азамат" концепциясын бірге қарастырылады.

Абай ілімін жүзеге асыру – өз Отанының нағыз патриоты болғысы келетін әр азаматтың борышы. Бұл ілімді білім мен тәрбие процесінде қолдану арқылы біз:

1. Отбасылық құндылықтарды қадірлейтін, Отанын сүйетін жас ұрпақты тәрбиелей аламыз;

2. Ана тілі мен әдебиетін, ұлттық тарих пен мәдениетті терең меңгерген саналы тұлға қалыптастырамыз;

3. Жастардың бойында толеранттылық мәдениетін дамытамыз.

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін келесі ұсыныстарды ұсынамыз:

- Абайдың адам болмысы жайлы көзқарастарына қайта зер салып, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізу;

- Білім беру ұйымдарында «Абайтану» орталықтарын ашу және «Абайтану» пәнін негізгі пән ретінде енгізу;

- Абай ілімін педагогика, психология, философия ғылымдарының аясында жеке сала ретінде қарастыру;

- «Біртұтас ұлттық тәрбие» бағдарламасына «Абай ілімі – оқу-тәрбие процесінде» атты бөлім енгізу.

Бұл ұсыныстар Абай ілімінің әлеуетін толық пайдалану арқылы сапалы ұлттық білім мен тәрбие жүйесін құруға ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Тоқаев, Қ.К. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан // Егемен Қазақстан - 09.01.2020. №5
2. Мырзахметов, М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары [Мәтін] / М.Мырзахметов // Алматы: Ғылым - 1982. - Б. 296

3. Дәдебаев, Ж. Абайтану. Таңдамалы еңбектер [Мәтін] / Ж.Дәдебаев. - Алматы: Қазақ университеті - 2020.
4. Дәдебаев, Ж. Абайдың антропологизмі. Монография [Мәтін] / Ж.Дәдебаев. - Алматы: Қазақ университеті - 2014
5. Әліпхан, М. Адамгершілік ілімі және Хакім Абай [Мәтін] / М.Әліпхан. - Алматы: Қазақ кітабы - 2020

М.Б. Нуралиева*, А.Ж. Баялиева

КГКП «Жамбылский гуманитарный высший колледж имени Абая», Тараз, Казахстан

ФЕНОМЕН ЧЕЛОВЕКА В МИРОВОЗЗРЕНИИ АБАЯ: ТЕОРИЯ ОБУЧЕНИЯ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы раскрытия высоких познавательных мыслей и глубокой гуманистической идеи Абая, образ человека в его творчестве, его представления о «совершенном человеке». Автор показывает Абая не только как поэта, но и как философа, психолога, исследователя человеческой души. Подчеркивается, что богатое наследие Абая служит основой для формирования нового качества казахской нации. В исследовании использовано многотомное издание «Абаеведение», опубликованное НИИ «Абай». Приводятся также новые сведения о языке произведений великого поэта на основе трудов абаеведов. Отмечается, что мотивационные идеи, популярные сегодня среди современных коучей, берут свое начало у Абая. По данной теме была разработана авторская программа и предложена в виде факультативных занятий для студентов колледжа. Также представлены результаты исследования мнения студентов по проблеме преподавания темы ЛИЧНОСТИ в творчестве Абая.

Ключевые слова: «совершенный человек», абаеведение, национальное мировоззрение, образ личности, духовное развитие.

M.B. Nuralieva*, A.Zh. Bayaliyeva

Zhambyl Humanitarian Higher College named after Abai, Taraz, Kazakhstan

THE CONCEPT OF HUMAN IN ABAI'S PHILOSOPHY: TEACHING THEORY AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS

Abstract. This article discusses the conceptual ideas of Abai, his deep humanistic philosophy, the image of personality in his works, and his understanding of the "perfect man." Abai is presented not only as a poet, but also as a philosopher, psychologist, and researcher of the human soul. The authors argue that Abai's rich legacy serves as a foundation for forming a new quality of the Kazakh nation. The study is based on the multi-volume publication "Abaitanu" by the Abai Research Institute. New linguistic insights from the works of prominent Abai scholars are also included. The article demonstrates that modern motivational ideas promoted by today's coaches actually have roots in Abai's teachings. An original author's program on this topic was developed and introduced as an elective course for college students. In addition, the article presents the results of a study on students' views regarding the teaching of the concept of PERSONALITY in Abai's creative heritage.

Keywords: "perfect man", Abaitanu, national worldview, image of personality, spiritual development.

References

1. Tokayev, K. K. Abaj zhәне XXI ғасырдағы Қазақстан [Abai and Kazakhstan in the XXI century] // Egemen Kazakhstan-09.01.2020. №5
2. Myrzakhmetov, M. Мұhtar Әуезов және абайтану проблемалары [Mukhtar Auezov and the problems of Abay studies] [text] / M. Myrzakhmetov // Almaty: Science-1982. - p. 296
3. Dadebayev, Zh. Abajtanu. Таңдамалы еңбектер [Abay Studies. Selected works] [text] / zh.Dadebayev. - Almaty: Kazakh University-2020.
4. Dadebayev, Zh. bajдың antropologizmi. Monografiya [Anthropologism of Abai. Monograph] [Text] / Zh.Dadebayev. - Almaty: Kazakh University - 2014
5. Alipkhan, M. Adamgershilik ilimi zhәне Hakim Abaj [Moral teaching and Hakim Abai] [text] / M. Alipkhan. - Almaty: Kazakh book-2020


30.05.25 ж. баспаға түсті

5.06.25. ж. түзетулермен түсті.

25.06.25 ж. басып шығаруға қабылданды

Мақалаға сілтеме:

Нуралиева, М.Б. Абай іліміндегі адам тұғырнамасы: оқыту теориясы мен әдістемелік негіздері [Мәтін] / М.Б. Нуралиева, А.Ж.Баялиева // Dulary University Хабаршысы. – 2025. – №2. – Б. 28-35 <https://doi.org/10.55956/DGTJ7108>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).